

Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2014 жылғы 28 қарашадағы № 305 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 22 желтоқсанда № 5236 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 421 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 24.12.2015 № 421 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына, «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі Заңының 16-бабына сәйкес Қарабалық аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды (бұдан әрі – кемтар балалар) үйде оқытуға жұмсалған шығындарды (бұдан әрі-оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу) жеке оқыту жоспары бойынша ай сайын төрт айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өтелсін.

2. Мыналар:

1) кемтар балаларды оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу «Қарабалық ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесімен жүзеге асырылады;

2) оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу кемтар балалардың ата-аналарына және басқа заңды өкілдеріне (бұдан әрі – қызметті алушылар) төленеді;

3) оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу үшін қызметті алушы мынадай құжаттарды ұсынады: өтініш;

қызметті алушының, заңды өкілінің жеке басын куәландыратын құжат; тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат; психологиялық–медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы;

мүгедектігі туралы анықтама;

банктегі шоттың болуы туралы құжат;
мүгедек баланың үйде оқу фактісін растайтын оқу орнының анықтамасы.
Салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқалары көрсетілетін қызметті
ал у ш ы ғ а қ а й т а р ы л а д ы ;

4) оқытуға жұмсалған шығындарын өтеу тиісті оқу жылы ішінде өтініш
берілген айдан бастап тағайындалады және әрбір кемтар балаға төленеді деп
б е л г і л е н с і н .

3. Мәслихаттың 2013 жылғы 21 қазандағы № 170 «Мүгедектер қатарындағы
кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу туралы» (
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4289 тіркелген
, 2013 жылғы 14 қарашада «Айна» аудандық газетінде жарияланған) шешімінің
к ү ш і ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн
ө т к е н с о ң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

Кезектен тыс сессия төрайымы М. Тукпатуллина
Аудандық мәслихаттың хатшысы Е. Аманжолов